

**Қарқаралы ауданының білім бөлімі**  
**«Қарқаралы қаласының академик Орынбек Жәутіков**  
**атындағы №1 жалпы білім беретін мектебі» КММ**

БЕКІТЕМІН

«Қарқаралы қаласының  
академик Орынбек Жәутіков  
атындағы жалпы білім беретін  
№1 қазақ орта мектебі» КММ  
директорының у.м.а.


 Б.Е.Қанафина  
«23» 02 2024 ж.



КЕЛІСІЛГЕН

«Қарқаралы қаласының академик  
Орынбек Жәутіков атындағы жалпы  
білім беретін №1 қазақ орта  
мектебі» КММ

қамқоршылық кеңесінің төрағасы

 Онғарбаев Н.

«23» 02 2024 ж.

**2024 - 2029 жылдарға арналған**  
**Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы**  
**«Қарқаралы қаласының академик Орынбек Жәутіков атындағы**  
**№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ**  
**МЕКТЕПТІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қарқаралы 2024

**Бағдарлама жетекшісі:**

Директордың у.м.а.

  
КОЛЫ

Канафина Бакыт Ермаковна

**Бағдарлама әзірлеушілер:**

Директордың оқу жұмысы  
жөніндегі орынбасары

  
КОЛЫ

Аменова Айнагуль Омурзақовна

Директордың оқу жұмысы  
жөніндегі орынбасары

  
КОЛЫ

Омарова Гульнар Жакановна

Директордың оқу жұмысы  
жөніндегі орынбасары

  
КОЛЫ

Жиенбаева Алмагуль Сериковна

Директордың оқу жұмысы  
жөніндегі орынбасары

  
КОЛЫ

Абишева Асем Амиржановна

Директордың тәрбие жұмысы  
жөніндегі орынбасарының у.м.а.

  
КОЛЫ

Матимбаева Лаззат Тураровна

Директордың тәрбие жұмысы  
жөніндегі орынбасарының у.м.а.

  
КОЛЫ

Нурғалиева Меруерт Абильмажиновна

Мектеп директордың шаруашылық  
жұмысы жөніндегі орынбасары

  
КОЛЫ

Канафин Маргулан Серикович


**Кеңесші:**

қолы

К.Ж.Мусилимов, Қарқаралы ауданының білім  
бөлімінің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі

**«Қарқаралы қаласының академик Орынбек Жәутіков атындағы жалпы  
білім беретін №1 қазақ орта мектебі» КММ педагогикалық кеңесімен  
ұсынылған**

Хаттама № 5 «23» ақпан 2024 жыл

**Хатшы:**   
КОЛЫ Асанова Индира Мукаевна

## МАЗМҰНЫ

Бөлім №	Бөлімдердің атаулары	бет
I.	Бағдарлама паспорты	4-7
II.	Ағымдағы ахуалды талдау	7-58
III.	Миссия және пайым	59
IV.	Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер: 1.Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру 2. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту 3.Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру 4.Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту 5.Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру 6. Білім сапасын бағалау 7. Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу	60-65
V.	Мектептің даму бағдарламасына сәйкес 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары	66-71

## I. Мектепті дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған бағдарламасының паспорты

Бағдарламаның атауы	Мектепті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламасы
<p style="text-align: center;"><b>Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы.</li> <li>• «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Қазақстан Республикасының Заңы.</li> <li>• Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»</li> <li>• Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы № 273 бұйрығы;</li> <li>• «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы</li> <li>• «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» 2023 жылғы 20 сәуіріндегі №224-VII Қазақстан Республикасының Заңы.</li> <li>• «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы;</li> <li>• «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)</li> <li>• «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)</li> <li>• «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)</li> <li>• «Білімді ұлт. Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.10.2021ж. №726 Қаулысы)</li> </ul>

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05 2020 ж № 216 бұйрығы, ҚР Оқу- ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқу- ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен)
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022ж. №533 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 17.06.2015ж. №391 бұйрығы)
- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
- «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015ж № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (ҚР БҒМ 3.11.2021 ж. №547 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ міндетін атқарушының 16.05.2008 ж. №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы)
- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы)
- «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. №175 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 ж. № 384 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.08.2022 ж. №355 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)</li> <li>• «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.10.2022 ж. №415 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)</li> <li>• «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №534 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)</li> <li>• «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2022 ж. №350 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)</li> <li>• «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы, 31.05.2022 ж. №251 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)</li> <li>• «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»(ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы)</li> <li>• «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы)</li> <li>• «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы) Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы)</li> </ul>
<p><b>бағдарламаны әзірлеуші</b></p>	<p>«Қарқаралы қаласының академик Орынбек Жәутіков атындағы №1 жалпы білім беретін мектебі» КММ</p>
<p><b>бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <u>Мақсат:</u> Қоғамның, жеке тұлғаның сұранысын қанағаттандыру, білім беруде сапаны қамтамасыз ету үшін кадрлық, ақпараттық, материалдық және басқа да ресурстарды тиімді пайдалану</li> <li>• <u>Міндеттер:</u> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген негізгі бағыттарды жүзеге асыру;</li> <li>• Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алу мүмкіндіктеріне сәйкес білім алу сапасымен және қолжетімділікпен қамтамасыз ету;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану;</li> <li>• Сапалы біліммен қамтамасыз ету мақсатында білім беру ресурстарын нығайту;</li> <li>• Педагогикалық жобалар жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;</li> </ul>
<b>бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері</b>	2024 жылдың наурызы – 2029 жылдың желтоқсаны
<b>Қаржыландыру көздері</b>	республикалық бюджет есебінен

## II. Ағымдағы ахуалды талдау

### 1. Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы туралы ақпарат

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша:

#### Педагогтар білімі:

оқу жылдары	барлық педагог саны	жоғары білімді	орта арнаулы білімді
2020-2021	92	85	7
2021-2022	86	79	7
2022-2023	79	74	5
2023-2024	80	77	3

#### Педагогтардың еңбек өтілдері бойынша:

оқу жылдары	педагогикалық өтіл								барлығы
	0-3	4-6	7-10	11-15	16-20	21-30	31-40	41 асқан	
2020-2021	5	6	7	8	19	22	25	-	92
2021-2022	6	4	7	6	18	22	23	-	86
2022-2023	8	4	6	5	13	24	19	-	79
2023-2024	7	6	6	6	14	19	22	-	80

#### Педагогтардың біліктілік санаттары:

оқу жылдары	барлығы	педагог-шебер	педагог-зерттеуші	педагог-сарапшы	педагог-модератор	сапалық құрам %
2020-2021	92	2 (2,2%)	18 (19,5%)	15 (16,3%)	7 (7,6%)	38,04
2021-2022	86	2 (2,3%)	19 (22,1%)	16 (18,6%)	11 (12,7%)	43,02
2022-2023	79	2 (2,5%)	19 (24,1%)	15 (18,9%)	11 (13,9%)	45,55
2023-2024	80	1 (1,2%)	18 (22,5%)	18 (22,5%)	17 (21,2%)	46,25

Мұғалімдер контингентінің тұрақтылығына байланысты кейінгі жылдары қатты өзгерістер жоқ. Пәндер бойынша мамандар жеткілікті, тек



кейінгі үш жылда математика пәні мұғалімі, кейінгі екі жылда бастауыш сынып мұғалімі жетіспейді.

Жаңа форматта аттесттау басталғалы педагог-шебер, педагог-зерттеуші мен педагог-сарапшылар мұғалімдер саны жылдан жылға көтерілуде, жаңадан жас мамандар әр оқу жылдарында қабылдануда. Қабылданған жас мамандарға тәлімгер бекітіледі. Жылдық жоспарлары бойынша жұмыс жасап, әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады.

### **Біліктілікті арттыру курстары бойынша:**

<b>оқу жылдары</b>	<b>барлығы</b>	<b>пәндік курстардан өткені</b>	<b>инклюзивті білім беру</b>	<b>қосымша курстар</b>
2020-2021	92	16	-	1
2021-2022	86	9	-	3
2022-2023	79	30	4	3
2023-2024	80	15	3	9

Педагогтардың курстан өтуінің 10 жылға арналған перспективалық жоспары жасалып, бекітіліп, жұмыс жасалады. Әр оқу жылына аудандық білім бөліміне курстан өтуге сұраныс беріліп отырады. Инклюзивтік білім беру бойынша 2019 жылы барлық педагогтар курстан өткен сертификаттары бар, 2023-2024 оқу жылының II жарты жылдығынан бастап 73 педагог сұранысқа жазылған.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша 92% мұғалімдер курстан өткен. Кесте бойынша өткізілетін проблемалық курстардан үнемі мектеп ұстаздары өтеді. Мұғалімдер республикалық және облыстық «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы ұйымдастырған арнайы курстан өтіп келді, аттестаттау талаптарына сәйкес мұғалімдер өз пәндері бойынша құзыреттіліктерін арттыру курстарына жіберіліп отырылады. Жыл сайын мектеп мұғалімдері республикалық, облыстық «Өрлеу» БА ҰО АҚҚ филиалы, Қарағанды облысы ББД ОӘО-да, Қарағанды қаласындағы ПШО-да білімдерін жетілдіреді. Жаңартылған білім мазмұны, тренерлік курстар, инклюзивтік оқыту, мектеп басшылары курстары, жаңартылған білім берудегі критериалды бағалау бойынша бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау курстарынан жоспарлы түрде өтуде. Пәндік және педагогикалық әдіс-тәсілдер бойынша тақырыптық курстардан мұғалімдердің біліктілігін арттыру қажеттілігі бар.

### **Мұғалімдердің түрлі сайыстар мен шараларға қатысуы:**

07.10.2020 жылы Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Қарағанды облысының математика пәні мұғалімдерінің форумына қатысуға бастауыш сынып мұғалімі Г.М.Қонақбай «Дамытудың әр түрлі кезеңдерінде математиканы оқытудағы сабақтастық» секциясына және математика пәні мұғалімі



А.О.Аменова «Оқытудың заманауи әдістерін дамыту: электронды оқулықтар, компьютерлік шеберханалар, қашықтықтан оқыту» секциясына өтініштері жіберілді.

15.10.2020 ж. Daryn. Online білім беру платформасы мен Qaztest.kz олимпиада сайты ұйымдастырған Республикалық пәндік олимпиадасында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша Г.К.Дамиева қатысып ІІ дәрежелі диплом, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша М.А.Абдикаликова қатысып ІІІ дәрежелі диплом иеленді.

15.10.2020 ж. «Мың бала» Республикалық пәндік олимпиадалар сайтының «Талантты мұғалім 2020» байқаудың «Үздік химия пәнінің мұғалімі» номинациясына қатысқан химия пәні мұғалімі М.Б.Қыстаубаева қатысып І орын, «Үздік сабақ жоспары» номинациясына қатысқан бастауыш сынып мұғалімі К.А.Мустафина І орын, «Үздік психолог» номинациясына қатысқан Б.К.Оспанова І орын алды.

15.10.2020 ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы Қарағанды облысы Білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығымен бірлесе отырып О.А.Байқоңыров атындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріндегі тәрбие мен білім беру» жыл сайынғы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына төмендегі мұғалімдер жұмыстарын жіберді:

р/с	Аты-жөні	Мақала, жоба атауы	Секция атауы
1	Рапихова К.А.	Ұрпақтар сабақтастығы	Ұлы дала мәдениеті. Мәдениеттегі ұрпақтар сабақтастығы

Ұстаз тілегі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен орыс тілі мен әдебиеті пәнінен ұстаздар арасында өткен олимпиадасынан Толеубаева З.М. мен Бурамбаева С.А. республикалық және халықаралық кезеңдерінен І дәрежелі дипломға ие болды.

30.10.2020 ж. «Білім-Образование-Education» Республикалық ғылыми-педагогикалық орталығы ұйымдастырған «Қазіргі ғылымның дамуындағы инновациялық дискурс» атты халықаралық конференциясына «Сабақтағы зерттеу бойынша жүргізілген жұмыстар» тақырыбымен іс-тәжірибесімен бөлісіп Дипломға ие болды.

02.11.2020 ж Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен тарих, география пәндері бойынша облыстық бейне-сабақтар байқауына Канафина Б.Е., Садвакасова А.М., Матимбаева Л.Т. қатысты. *Нәтижесінде* аудандық кезеңнен Б.Е.Канафина ІІ орын алып, облыстық кезеңнен ІІІ орын алды.





9-11.11.2020 жылы Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Қарағанды облысы математика пән мұғалімдерінің форумында төмендегі мұғалімдер іс-тәжірибесімен бөлісті:

№	Аты-жөні	Секция атауы	тақырыбы
1	Аменова А.О.	Оқытудың заманауи әдістерін дамыту: электрондық оқулықтар, компьютерлік шеберханалар, қашықтықтан оқыту	Қашықтықтан оқыту тәжірибемнен (11.11.2020 ж. зуумда өткен конференцияда сөз сөйледі)

2	Қонақбай Г.М.	Дамудың әртүрлі кезеңдерінде математиканы оқытудағы сабақтастық	Білім алушылардың логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру барысында білім, білік нәтижелері (материалдар жинағына тақырыбы енгізілді)
---	---------------	---	---

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясын іске асыру аясында ұлы ақын, ағартушы А.Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойының қарсаңында ұйымдастырылған аудандық «Кемеңгер бала» мәнерлеп оқу байқауына қатысқан үшін МАД сыныбының мұғалімі К.Мұстафинаға Алғыс хат берілді.

11.11.2020 ж. Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Қарағанды облысы математика мұғалімдерінің форумында А.О.Аменова «Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру тәжірибесінен» атты іс-тәжірибесімен бөлісіп Мадақтамамен марапатталды.



11.11.2020 ж. «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткен математика пәні мұғалімдеріне арналған ПЕДСТАРТ республикалық олимпиадасынан А.О.Аменова ІІ дәрежелі дипломға ие болды.

12.11.2020 ж. Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен математика, физика және информатика пәндері мұғалімдерінің ашық Республикалық шығармашылық байқауының облыстық кезеңіне математика пәні мұғалімі А.О.Аменова қатысып ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Qaztest.kz сайтында биология пәнінен өткізілген мұғалімдердің Республикалық қашықтық олимпиадасынан Г.М.Бакирова ІІ дәрежелі дипломын алды.

25.11.2020ж Қарағанды облысы бойынша жүзеге асырылып жатқан «Birgemiz bilim» жалпы ұлттық жобасына ат салысып, волонтерлікті дамытуға қосқан үлесі үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М.М.Абдикаликова облыстық білім басқармасының Алғыс хатымен марапатталды.

26.11.2020 ж аудандық білім бөлімінің сұранысы бойынша YouTube каналына, FACEBOOK, INSTAGRAM әлеуметтік желілеріне бейнесабақтарын жүктеген мұғалімдер туралы төмендегі ақпарат жіберілді:

Р/с	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Сабақ тақырыбы	Сілтеме
1	Абдикаликова Меруерт Маратовна	Қазақ тілі мен әдебиеті	1.Көп мағыналы сөз 2.Фонетика  3.Сан есім 4.Тест 6 –нұсқа 5.Тест 7 нұсқа	1. <a href="https://youtu.be/iSD2Vo3BINU">https://youtu.be/iSD2Vo3BINU</a> 2. <a href="https://youtu.be/fqjU6XquYkw">https://youtu.be/fqjU6XquYkw</a>  3. <a href="https://youtu.be/gsdS_fWxdOU">https://youtu.be/gsdS_fWxdOU</a> 4. <a href="https://youtu.be/FU9yOqwXO0k">https://youtu.be/FU9yOqwXO0k</a> 5. <a href="https://youtu.be/QG_8L1hFUKU">https://youtu.be/QG_8L1hFUKU</a>

07.12.2020 ж. «ustaz tilegi» республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен Республикалық «Қызметкерлерді бағалау және аттестаттау» турнирінен А.О.Аменова І орын жеңімпазы атанды.

21.12.2020 ж. «Халықаралық ғылыми педагогикалық білімді дамыту академиясы» ұйымдастырған І Халықаралық педагогикалық олимпиадасынан А.О.Аменова ІІ дәрежелі дипломға ие болды.

14.01.2021 ж. Қарағанды облысының Жетекші және серіктес мектептерінің мұғалімдеріне арналған «Сабақты зерттеу» және «Іс-әрекеттегі зерттеу» бойынша байқауға 5 сыныпта жүргізілген сабақты зерттеу жұмысы бойынша ІІ дәрежелі дипломға ие болды.. Жетекшілері А.О.Аменова, Г.Ш.Нарымбекова, А.А.Жунусова.

09-17.02.2021 ж. аралығында облыстық «Зейін» жобасы аясында зуум платформасында бастауыш сынып мұғалімдерінің «Шеберлік сабақтары» өтті.

08-15.03.2021 ж. аралығында облыстық «Зейін» жобасы аясында зуум платформасында қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерінің «Шеберлік сабақтары» өтті.

21.05.2021 ж. Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Туған өлке сырлары» жобасының аясында география пән мұғалімдерінің облыстық форумы өтті. Онда Канафина Бакыт Ермековна, Бакирова Гулмайра Малгаждаровна- география,биология пәні мұғалімдері «Сарыарқа саябағы- мәңгі жасыл Қарқаралы» тақырыбындағы мектепішілік туризм жұмысымен тәжірибе алмасты.

18.09.2021 ж. «Үздік педагог-2021» республикалық конкурстың облыстық кезеңіне қатысқаны үшін бастауыш сынып мұғалімі Г.М.Қонақбайға сертификат берілді.

Қарағанды облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Жыр Жалын» поэзия әлемі жобасы аясында Қ.Аманжоловтың 110 жылдық мерейтойы қарсаңында өткізген «Дүниеге келер әлі талай Қасым» облыстық байқауына белсене қатысқаны үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Нарынбекова Қ.С. Алғыс хатпен марапатталды.

17.11.21ж. КИО. KZ сайты ұйымдастырған ұстаздар олимпиадасынан бастауыш сынып мұғалімі Н.Т.Собакова ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

29.11.2021 ж. Қарағанды ПШО ұйымдастыруымен «Сабақты зерттеу: Қазақстан мектептерінің тәжірибесі» атты облыстық ғылыми-практикалық конференциясында математика пәні мұғалімі А.О. Аменова «Сабақтағы зерттеу бойынша жүргізілген жұмыстар» атты тақырыбымен іс-тәжірибесімен бөлісіп Алғыс хатпен марапатталды және мақалалар жинағына енді.

14.12.2021 ж. Педагогтар қоғамының ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өткізілген «Тәуелсіз елдің ұстазы-2021» республикалық байқауына география пәні мұғалімі Б.Е.Канафина қатысып Дипломмен және төсбелгімен марапатталды.

15.12.2021ж. Қарағанды педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Ауыл мектебі» жобасын жүзеге асыруға белсенді қатысқандары үшін С.К.Кусаинов, А.О. Аменова, Г.Ж.Омарова, М.М.Абдикаликова, Г.Ш.Нарымбекова, Г.М.Қонақбай, Л.Т. Матимбаева, И.М.Асанова, А.С.Жиенбаева, А.А.Жунусовалар Алғыс хатпен марапатталды.

17.02.22 ж. Математика пәні мұғалімдерінің республикалық съезіне А.О.Аменова қатысып келді және облыстық математика пәні мұғалімдері форумының спикері ретінде секциялық жұмыстың жүргізушісі болды.

Қарағанды ПШО ұйымдастыруымен сабақты бақылау шарасына ақпан айында Г.Е.Сатжанова мен К.С.Смагулова сабақтары видеоға түсіріліп жіберілді.

Облыстық «Зейін» жобасы аясында workshop-тарда іс-тәжірибелерімен бөліскен мұғалімдер:

№	Аты-жөні	пәні	деңгейі	тақырыбы
1	Сабитова Ж.Б.	Орыс тілі мен әдебиеті	аудандық	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту
2	Молдакулова А.А.	Ағылшын тілі	аудандық	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту
3	Бурамбаева С.А.	Орыс тілі мен әдебиеті	аудандық	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту
4	Омашева А.Т.	Бастауыш сынып	облыстық	Көбейту және бөлу тәсілдері. Тиімді есептеу
5	Абишева А.А.	Ағылшын тілі	аудандық	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту
6	Толубаева З.М.	Орыс тілі мен әдебиеті	аудандық	А.И.Мусатов «Как хлеб на стол пришел»

2021-2022 оқу жылының 18 ақпанында облыстық география пән мұғалімдерінің "педагогикалық Geoinfo навигатор" жобасы аясында "Интерактивті мүмкіндіктерді проекциялау" атты нетворкингте "География

сабағында қолданылатын платформалар мен ресурстар" тақырыбында іс тәжірибесімен Матимбаева Л.Т. бөлісті.

Daryn.online білім беру платформасы ұйымдастырған І Республикалық «Кемеңгер ұстаз» олимпиадасынан бастауыш сынып мұғалімі Н.Т.Сибакоева І дәрежелі дипломмен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі И.М.Асанова ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Білім беру қызметкерлеріне арналған республикалық сайт ұйымдастырған А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған педагогика бойынша республикалық олимпиадан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі И.М.Асанова ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Мамыр айында Қарағанды қаласындағы НИШ ХБН ұйымдастырған «Комбинаторика және ықтималдылықтар теориясы» атты марафон сайысынан математика пәні мұғалімі А.О.Аменова ІІІ дәрежелі дипломға ие болды.

13.02.23 ж «Ауыл мектебінің қазіргі жағдайы» халықаралық конференциясына математика пәні мұғалімі А.О.Аменова «Зерттеу сабақтары – даму мен ілгерілеудің формуласы» атты тақырыбымен мақала жіберілді.

13.02.23 ж «Үздік ауыл мұғалімі» республикалық конкурсына математика пәні мұғалімі А.О.Аменова өз жұмысын жіберді.

22.02.23 ж Оқушылардың ғылыми қоғам жетекшілерінің аудандық семинары болды. Онда мектеп психологы М.А.Нургалиева тренинг жүргізді.



28.03.23ж «Volashaq» академиясы өткізген «Тіл - қазына» республикалық олимпиадасына оқушы дайындағаны үшін Г.К.Дамиева мен Г.К.Шағаламовалар Алғыс хатпен марапатталды.

27.03.23ж Республикалық «Математикалық регата» олимпиадасына А.О.Аменова қатысып Алғыс хатпен марапатталды.

29.03.23 ж. «Сабақты зерттеу» және «Іс-әрекетті зерттеуді» өткізу бойынша «Бірге зерттейміз» облыстық байқауға математика мұғалімі А.О.Аменова мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М.М.Абдикаликовалар өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп осы байқауға жұмыстарын жіберді.

Қарағанды облысындағы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Жаңа мектепке – жаңашыл ұстаз» VI Республикалық байқаудың облыстық кезеңіне тарих пәні мұғалімі Оралбай С.Р. қатысып сертификатпен марапатталды.

Облыстық «Зейін» жобасы аясында «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбында өткен орыс тілі мен әдебиеті пәні



мұғалімдеріне арналған аудандық семинарда өз тәжірибесімен бөліскені үшін Ж.Б.Сабитова Арғыс хатпен марапатталды.

17.07.2023 ж Қарағанды білім басқармасының ұйымдастыруымен «Республикалық өзара тәжірибемен алмасу» семинарларында «Ауыл мектебі» жолбасы аясындағы «Зерттеу сабақтары – кәсіби дамудың жарқын жолы» тақырыбында А.О.Аменова іс-тәжірибемен бөлісті.

18.08.23ж «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы ҚР білім беру ұйымдары педагогтерінің республикалық тамыз кеңесі аясында өткен пәндік секциялар жұмысына математика пәні мұғалімі А.О.Аменова мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М.М.Абдикаликовалар өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп Алғыс хатмен марапатталды.

14.09.23ж жұмыс жолын енді бастаған жас мамандар тәлімгерлеріне арналған «Тәлімгерлік қызметтің ұйымдастырушылық-әдістемелік аспектілері» тақырыбында мектепшілік семинар өтті. Оны арнайы курстан өтіп келген қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Г.Ш.Нарымбекова өткізді.

Мұғалімдер мерекесіне орай облыстық білім басқармасының марапаттарымен Канафина Б.Е., Бакирова Г.М., Аменова А.О., Қонақбай Г.М. марапатталды.



Республикалық «Тағылым» ғылыми-әдістемелік журналының №08(115)2023 ж шығарылымына А.О.Аменованың, С.А.Бурамбаеваның, Г.К.Дамиеваның, Г.М.Қонақбайдың, К.Т.Заированың, И.М.Асанованың, Л.Т.Матимбаевнаның, Г.Е.Сатжанованың, М.Ж.Тұлеубаеваның, Г.Т.Таттимбетовнаның түрлі тақырыптардағы мақалалары жарық көрді және «Үздік зерттеуші ұстаз» номинациясы ойынша I дәрежелі дипломдармен марапатталды.

20.10.23 ж аудандық «Жыл мұғалімі» байқауына география пәні мұғалімі Л.Т.Матимбаева өтініш пен 15 минуттық ықшам сабағын жіберді. Келесі кезең 3 қарашада өтеді.

20.10.23 ж аудандық «География пәнінен бейне-сабақтар» байқауына география пәнінің мұғалімі Л.Т.Матимбаеваның өтініші мен сабақ түсірілімі жіберілді. (тарих пәнінен қатысамын деген С.Оралбай соңғы сәтте қатыспайтын болды). Нәтижесінде Л.Т.Матимбаева I орын иеленді.

25.10.23 ж облыстық «Үздік жыл психологы» байқауына Нургалиева М.А. қатысып, серификатпен марапатталды.

30.10.23 ж Қарағанды облыстық білім еруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен математика, физика және информатика пәндері мұғалімдерінің Республикалық шығармашылық байқауының облыстық кезеңіне информатика пәні мұғалімі Г.Ж.Кулбаева қатысып, сертификат алды.

02.11.23 ж облыстық «Жыл мұғалімі-2023» байқауының аудандық кезеңіне қатысқан география пәні мұғалімі Л.Т.Матимбаева бас жүлдеге иеленді.



13.11-01.12.2023ж аралығында өтетін облыстық кезеңге жолдама алды.15.11.23ж Дарын мектебінде 45 минуттық сабақ және 40 минуттық тәрбие сағатын өткізді.



03.11.23 ж бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» математика олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысқан Сатжанова Г.Е. I дәрежелі диплом, Алимжанова А.С. II дәрежелі дипломмен марапатталды.

24.11.2023 ж бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған облыстық воркшопта Алимжанова А.С. өз іс-тәжірибесімен бөлісті.





27.11.23 ж. «Үздік дене шынықтыру мұғалімі-2023» облыстық байқауына Алиева Д.Т. қатысып, сертификат иеленді.

26.12.23 ж. география пәнінен облыстық «Бейне сабақтар» байқауынан Матимбаева Л.Т. III орын алды.

26.12.23 ж. Республикалық зерттеу жобалар конкурсының облыстық кезеңіне оқушылар дайындағаны үшін физика пәні мұғалімі К.С.Смагулова Алғыс хатпен марапатталды.

### Мұғалімдердің шығарған әдістемелік құралдары 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылы

### 3 жылғы педагогтардың қызметінің SWOT талдауы

мықты жақтар			әлсіз жақтар		
р /с	Мұғалімнің аты-жөні	Оқу әдістемелік құралдың атауы	Шыққан жылы	Қайдан шықты	шифры
1	Омарова Гульнар Жакановна	Жаңартылған білім беру мазмұнындағы бастауыш мектептің оқыту әдістемесі	2020	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ	УДК 374.31 ББК 74.202.5(5Қаз) Ж27
2	Аменова Айнагуль Омурзақовна	Математика әлемі	2023	республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы	УДК 1563 ББК 087.378.1
3	Омарова Гулнар Жакановна Аменова Айнагуль Омурзақовна Нарынбекова Карлыгаш Салықбаевна Абишева Асем Амиржановна	Білім беру сапасын арттырудағы инновациялақ технологиялардың ролі	2023	«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ	УДК 373 ББК 74.26 Қ17

<ul style="list-style-type: none"> <li>- Жоғары білімді мамандар санының артуы;</li> <li>- Жаңа форматтағы аттестациядан өткен мұғалімдер санының артуы;</li> <li>- мектептің лицензия талаптарына сай жұмыс жасауы;</li> <li>- Инклюзивті білім беру бойынша мамандардың толықтығы (мұғалім-логопед, мұғалім-дефектолог, педагог-психолог)</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мектепшілік, аудандық, облыстық семинарларда сабақ көрсетуден тартынуы;</li> <li>- мұғалімдердің өздігінен мектепшілік, аудандық түрлі сайыстарға қатысып кәсіби өсуге ұмтылыстың аздығы</li> <li>- тәжірибелі мұғалімдердің авторлық құралдарының шығару деңгейінің төмендеуі</li> </ul>
<b>мүмкіндіктер</b>	<b>қауіп-қатер</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің тәжірибесін зерттеу, жинақтау, тарату жұмыстарын ұйымдастыру;</li> <li>- Жаңа идеяшыл, бастамашыл мұғалімдерді ынталандыру;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Сағат сандарының аз болуынан (әсіресе қазақ тілі, химия, география, биология, физика) мұғалімдердің асқа мектептерге кетіп қалуы және тәжірибелі мұғалімдердің зейнеткерлікке шығуы</li> </ul>

### **Туындаған мәселелер:**

- Мұғалімдердің шығармашылық тақырыбы бойынша жұмысы төмендігі, авторлық бағдарламалардың, жинақтардың аздығы
- Дарынды оқушылармен жұмыста зерттеу-ізденушілік бағыттағы жұмыстардың жеткіліксіздігі;
- Интернет, қашықтық олимпиада, байқауларда оқушылар, мұғалімдер айтарлықтай нәтиже көрсете алғанмен, пәндік олимпиада, ғылыми жоба байқауларында нәтижелердің аздығы;
- Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу барысындағы өзгерістерді кейбір мұғалімдердің толық түсіне алмауы;
- Тәлімгерлік жұмыстың өз деңгейінде атқарылмауы, яғни тәлімгер мен жас маман жұмысының арасында өзара сабақтастықтың жоқтығы.

### **Аталған мәселелерді ескере отырып жаңа оқу жылына төмендегідей ұсыныстар беріледі:**

- Оқушылардың зерттеу-ізденушілік бағытындағы жұмыстарын дамыту;
- Пәндік олимпиадаға, ғылыми жобаға көптеп оқушыларды тарту және дайындықтың тиімді тәсілдерін қарастыру;
- Мұғалімдердің өз пәндері бойынша пән олимпиадалары мен пәндік байқауларға қатысып, өз шеберліктерін арттыру;
- Әр мұғалімнің жұмыс жоспары бойынша жұмыстарының жүйелі жүргізілуін, өз іс-тәжірибесін өзіндік жұмыстары (авторлық бағдарлама, жинақтар, әдістемелер) арқылы жинақтап, қорытындылауын қолға алу;
- Жаңа технологияларды тиімді қолдана отырып, білім сапасын арттыру;

- Мектеп мұғалімдеріне арналған мектепшілік семинарлар өткізуді жүйеге келтіру қажет, келесі оқу жылына жоспар құрастырғанда әрбір пән бірлестіктерінде жылына 1 семинар өткізуді жоспарға енгізу назарға алынсын;
- Жас мамандармен тәлімгерлік жұмыс жүйесі жандандыру;
- Мектеп педагогтарының аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі шығармашылық байқаулар мен педагогикалық оқуларға қатысу, іс-тәжірибелерін тарату белсенділіктерін күшейту.

## 2. Білім алушылар туралы мәліметтер:

оқу жылдары	сынып комплект саны	МАД	1-4	5-9	10-11	Барлық оқушы саны
2020-2021	39+2	47	360	388	90	838+47 МАД=885
2021-2022	38+2	55	345	385	85	845+55 МАД=900
2022-2023	39+4	90	330	398	94	822+90 МАД=912
2023-2024	41+3	59	356	391	106	853+59 МАД=912

## Оқу озаттар мен екпінділер:

оқу жылдары	оқу озаттар	оқу екпінділер	білім сапасы
2020-2021	89	319	57,3%
2021-2022	77	327	55,7%
2022-2023	100	363	62,9%
2023-2024	93	349	59,3%

## Білім алушылардың түрлі олимпиадалар мен байқаулар жетістіктері:

Республикалық «Зерде» сайысының облыстық кезеңінен 2020-2021 оқу жылында 2 сынып білім алушысы Ж.Жақып ІІ орын алды. 2021-2022 оқу жылында Е.Бақытбек, Н.Жұмаш, А.Төкен, А.Өмірзақ, Ж.Жақыптар ІІІ орын алды. 2022-2023 оқу жылында 4 сынып білім алушысы Ж.Жақып І орын, 4 сынып білім алушысы А.Мағауия ІІ орын, 4 сынып білім алушысы М.Тойынбеков ІІІ орын, 2 сынып білім алушысы Қ.Құсайын ІІІ орын, 7 сынып білім алушысы Ж.Муратова ІІІ орын, 7 сынып білім алушысы А.Еркебұланқызы ІІІ орын алды.

2020-2021 оқу жылында Қарағанды қаласындағы ҚР ШҒА ОҚ ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушыларына арналған оқу-іздену жұмыстары сырттай Фестивалінен А.Съезбек пен Ж.Муратов дипломмен марапатталды.

2020-2021 оқу жылында «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасының облыстық кезеңге қатысқан математика пәнінен 5 сынып білім алушысы А.Жұмаш ІІ орын, Қазақстан тарихы пәнінен 6 сынып білім алушысы Т.Ерланғызы ІІІ орын, жаратылыстану пәнінен 5

сынып білім алушысы Н.Сембір ІІ орын алды. 2022-2023 жылы Қазақстан тарихы пәнінен ба сынып білім алушысы Е.Сахан І орын алды. 30.10.2020 жылы «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен жаратылыстану-математикалық бағытта өткен Аль-Фараби Халықаралық пән олимпиадасына 9а сыныптан Д.Саулехан қатысып ІІ дәрежелі диплом, 10б сыныбынан А.Насипова ІІІ дәрежелі диплом, 10а сыныбынан А.Айтбаева ІІ дәрежелі дипломға ие болды. 23-27 қараша аралығында болатын облыстық ғылыми жоба сайысына тіл білімі секциясы бойынша қорғаған Ш.Санатқызы ІІІ орын, физика секциясы бойынша А.Қозытай ІІІ орынға ие болды. 2021-2022 о.ж. өлкетану секциясы бойынша А.Нығмет ІІ орын, Т.Нуарбек ІІІ орын, математика секциясы бойынша Д.Саулехан ІІІ орын алды. 2022-2023 о.ж. Нығмет А. өлкетану секциясынан республикаға қорғауға бару керек еді, бірақ оқушының «Түркістанға саяхат» экскурсиясына кетуіне байланысты бара алмады.

2020-2021 о.ж. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен 3-10 сыныптарға арналған «Ақбота-2020» зияткерлік марафонына 28 оқушы қатысып, олардың 17-ы (10- 3 орын, 7-2 орын) орындар алды. 2022-2023 о.ж. 57 білім алушы қатысып 14-і І дәрежелі диплом, 20-ы ІІ дәрежелі диплом, 23-уі ІІІ дәрежелі дипломдармен марапатталды.

2020-2021 о.ж. ҚР орталық Қазақстан шағын ғылыми академиясы балалар мен жеткіншектер сарайының ұйымдастыруымен өткен «Экологиялық ережелер» атты компьютерлік графика мен фотоколлаждардың облыстық байқауында жұмыстары үздік деп танылғаны үшін 5а сынып білім алушысы А.Жұмаш ІІІ дәрежелі дипломмен, 5а сынып білім алушысы Ж.Муратова мадақтамамен, 6а сынып білім алушысы А.Құсайын ІІІ дәрежелі дипломмен, 4в сынып білім алушысы Д.Садыканова ІІІ дәрежелі дипломмен, 4ә сынып білім алушысы Ж.Құсайын Алғыс хатпен марапатталды. «Сау өмір салты» атты компьютерлік презентация мен видеороликтер облыстық байқауында 4в сынып білім алушысы Д.Садыканова І дәрежелі дипломмен марапатталды.

2020-2021 о.ж. ҚР ШҒА ОҚБ 51 ҒПК шеңберінде оқушыларының 1-ші деңгейлі оқу-зерттеушілік байқауынан А.Өмірзақ І дәрежелі дипломмен, Ж.Муратова мен Е.Қалел Алғыс хаттармен марапатталды. 2021-2022 о.ж. ҚР орталық Қазақстан шағын ғылыми академиясы оқушылар сарайы ұйымдастырған 52-ші ғылыми-практикалық конференциясы шеңберінде өткен 1-ші деңгейлі оқу-зерттеу жұмыстарының аймақтық байқауынан 7а сынып білім алушысы А.Өмірзақ І орын, 6а сынып білім алушысы Ж.Муратова І орын, 6 сынып білім алушылары Н.Салықбай мен Ж.Жандильдина І орын, 5-сынып білім алушылары Д.Садыканова мен Ж.Құсайын Алғыс хатпен марапатталды. 2022-2023 о.ж. «53-ші ғылыми-практикалық конференциясы шеңберінде өткен 1-ші деңгейлі оқу-зерттеу жұмыстары» облыстық байқауында 5ә сынып білім алушысы Марат Нариман қатысып ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

2020-2021 о.ж. Омбы мемлекеттік университетінің «Перспектива» Білім беру орталығымен және «Дарын» РҒПО қолдауымен халықаралық

М.В.Ломоносов атындағы турнирге математика пәнінен 9а сынып білім алушысы Д.Саулехан қатысып ІІІ орын алды.

2020-2021 о.ж. XVII Халықаралық интернет олимпиадасынан 5-11 сыныптар бойынша 21 оқушы қатысып І дәрежелі дипломдармен 8 оқушы, ІІ дәрежелі дипломдармен 7 оқушы, ІІІ дәрежелі дипломдармен 6 оқушы марапатталды, ал финалға 17 оқушы қатысып ІІ дәрежелі дипломдармен 1 оқушы, ІІІ дәрежелі дипломдармен 6 оқушы, дипломдармен 10 оқушы марапатталды. Негізгі пәндер бойынша 1-4 сыныптар бойынша 29 оқушы қатысып І дәрежелі дипломмен 17 оқушы, ІІ дәрежелі дипломмен 6 оқушы, ІІІ дәрежелі дипломмен 2 оқушы, қатысушы дипломымын 4 оқушы марапатталды.

20.01.2021 ж. Л.В.Ломоносов атындағы халықаралық XXII турнирден математика пәнінен 9а сынып білім алушысы Д.Саулехан қатысып ІІІ дәрежелі лауреат атанды. Пән мұғалімі А.О.Аменова.

2020-2021 о.ж. негізгі пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен құқық пәнінен қатысқан 11 сынып білім алушысы А.Наушанбаева І орынға ие болды. 2021-2022 о.ж. өзін-өзі тану пәні бойынша 9 сыныптан Сыздық Айдана 3 орын, тарих пәнінен 10 сынып білім алушысы Ысқақ Асылбек 3 орын, құқық негіздерінен 9 сынып білім алушысы Оралбай Айару 3 орын алды. 2022-2023 о.ж. құқық негіздері пәнінен 10 сынып білім алушысы А.Оралбай ІІ орын алды. 2023-2024 о.ж. ағылшын тілінен 10 сынып оқушысы Амантай А. ІІІ орын, Қазақстан тарихынан 11 сынып оқушысы Талғатбек А. ІІІ орын, Құқық негіздерінен 11 сынып оқушысы Оралбай А. ІІІ орын алды.

2020-2021 о.ж. 4-6 сыныптар аралығында «Алтын сақа» олимпиадасының Облыстық кезеңінен И.Қинаят қатысып Мадақтама иеленді. 2023-2024 о.ж. 5-6 сыныптарға арналған «Алтын сақа» математика олимпиадасының аудандық кезеңінен 5а сынып оқушылары Бақытбек Е І орын, Саулехан Айару ІІ орын, 5ә сынып оқушысы Бахитқан Ж ІІІ орын алды. 6ә сынып оқушысы Әлімжан Ғалымжан І орын, 6в сынып оқушысы Қайырбек Б. ІІ орын, 6б сынып оқушысы Самат Адина ІІІ орын алды.

2020-2021 о.ж. 4,9 сыныптарға арналған Н.Қайырбаев атындағы облыстық математика пәні олимпиадасынан З.Нұрлыбай ІІ орын, Д.Саулехан І орын алды.

2020-2021 о.ж. 9 сыныптарға арналған Іqanat олимпиадасы бойынша Д.Саулехан мен Қ.Қошық Қапшағайда Балдауренде өткен республикалық кезеңге қатысты.

2020-2021 о.ж. 1-7 сыныптарға арналған «Зерде» ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңінен Ж.Муратова, Ж.Жақып, А.Төкен І дәрежелі дипломмен, Н.Ғабдолла ІІ дәрежелі дипломмен, Ж.Қарамырза, А.Өмірзақ ІІІ дәрежелі дипломмен, ал Е.Бақытбек, Ж.Жандилдина, Н.САлықбайлар Алғыс хатпен марапатталды. 2021-2022 о.ж. Е.Бақытбек, Н.Жұмаш. А.Төкен, А.Өмірзақ, Ж.Жақыптар ІІІ орын алды. 2022-2023 о.ж. Дамирқызы І, Марат Н, Оспан А ІІ орын алды.

2021-2022 о.ж. Сарыарқа дарыны ұйымдастырған 8 сынып оқушыларына арналған Ә.Ермеков атындағы облыстық математика пәні олимпиадасына 8а

сынып білім алушысы Маулен Адия қатысып 3 орын алды.

2021-2022 о.ж. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика факультетінің ұйымдастыруымен мектеп оқушылары мен гимназиялар арасында өткен Business Thinkaton 'Business Teenactus' атты бизнес-жобалар конкурсына 11а сынып білім алушысы Айтбаева Айдана қатысып ІІ орын мен 30%-дық жеңілдікке ие болды.

2021-2022 о.ж VIII ашық Республикалық балалар бейнелеу және сәндік қолданбалы байқауының «Менің таңғажайып әлемім» номинациясына қатысқан 8 сынып білім алушылары Жидебай Н. мен Құрманжан А. қатысып ІІІ дәрежеді дипломмен, 7б сынып білім алушысы А.Жақып пен ба сынып білім алушысы К.Амантай дипломдармен марапатталды.

2022-2023 о.ж. «Сарыарқа дарыны» БҚББ АҒПО ұйымдастыруымен қашықтықтан өткізілген XII облыстық «Туған соқпақтар» виртуалды экскурсиялар байқауына 3ә сынып оқушысы Н.Құсайын І дәрежелі дипломмен, 1а сынып оқушысы А.Бабайбек, 2а сынып оқушысы М.Ғазиз ІІІ дәрежелі дипломмен, 4 б сынып оқушысы А.Сейітқали, 2ә сынып оқушысы Е.Марат ІІ дәр дипломмен марапатталды.

2022-2023 о.ж. облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен 9-11 сыныптарға арналған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Л.Бәйішқызы атындағы облыстық олимпиадаға 11 сынып білім алушысы А.Қозытай қатысып сертификатпен марапатталды.

2022-2023 о.ж. «Ауыл қала» жобасы аясында 5-11 сыныптар арасында «Дарын» мектебінде өтетін «Жас ғалым» ғылыми-практикалық конференциясынан Нығмет Алуа, Қайыркен Аяулым 10 сынып математикадан І орын, Маратқызы Толғанай 10 сыныпт химиядан І орын, Нығмет Алуа 10 сынып өлкетану бойынша ІІ орын, Сыздық Абай 11 сынып физика секциясынан ІІ орын, Найманова Аружан 9 сынып биологиядан ІІІ орын, Аманжол Инабат 6 сынып биологиядан ІІІ орын, Муратова Жания, Амантай Кәусар 7 сынып қазақ тілінен ІІІ орын, Салықбай Нұршат 7 сынып қазақ әдебиетінен ІІІ орын, Өмірзақ Ақбота 8 сынып этномәдениеттанудан ІІІ орын, Олжабай Әдемі 8 сынып математикадан ІІІ орын орын алды.

2022-2023 о.ж. VIII «RoboLand 2023» аудандық робототехника фестивалінен Бағат Кәусар, Қуат Қуатбек алғыс хатпен марапатталып командалық ІІ орын алды, 5г сынып білім алушылары Болат Нұрахман мен Тәңірберген Санжар Ағыс хатпен марапатталып командалық І дәрежелі дипломмен марапатталды.

2022-2023 о.ж 5-7 сынып оқушылары арасында өткен XXIV республикалық Абай оқуларының аудандық кезеңінде «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» номинациясы бойынша Қайыржан Інжу ІІІ орын алды, 8-11 сыныптар оқушылары арасынан «Ұлылар әлемі» номинациясы ойынша Қошық Қарлығаш ІІІ орын алды.

2023-2024 о.ж. 2-10 сыныптарға арналған халықаралық «Кенгуру математика – барлығы үшін» сайысына барлығы 27 білім алушы қатысып, І дәрежелі дипломмен - 3, ІІ дәрежелі дипломмен - 2, ІІІ дәрежелі дипломмен - 8 білім алушы марапатталды.

2023-2024 о.ж. 10-11 сыныптарға арналған математика пәнінен «Алтын

түлек» олимпиадасының аудандық кезеңінен 11а сынып оқушылары Нығмет А. I орын, I.Сейітпан III орын, Бақберген А. мен Ермек Д. Грамотамен марапатталды.

2023-2024 о.ж. «Roboland 2024» IX халықаралық робототехника,бағдарлау

және инновациялық техникалар фестивалі шеңберінде аудандық іріктеу жарыстарына «Роботтың қара сызық бойымен қозғалысы» номинациясын 6 сынып білім алушысы Бағат Кәусар III орын, «Сумо», «Мини футбол» номинациясы бойынша 7ә сынып білім алушылары Сағат Марғұлан, 8ә сынып білім алушысы Батхан Ернұр, Шорман Әлішер Алғыс хатпен, «Кегельринг» номинациясы бойынша 6г сынып білім алушылары Болат Нұрахман, Тәңірбергенұлы Санжар Алғыс хатпен марапатталды.

### Мектеп оқушыларының соңғы 3 жылдағы іс-шараларға қатысу нәтижелілігі

(пәндік олимпиадалар, ғылыми жарыстар, ғылыми зерттеу жобалары, робототехника бойынша жарыстар және т. б.)

№ п / п	Іс-шара деңгейі	2020-2021 оқу жылы			2021-2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы			2023-2024 оқу жылының I жж		
		Жалпы оқушылар саны	Қатысушылар саны	Жүлдегерлер саны	Жалпы оқушылар саны	Қатысушылар саны	Жүлдегерлер саны	Жалпы оқушылар саны	Қатысушылар саны	Жүлдегерлер саны	Жалпы оқушылар саны	Қатысушылар саны	Жүлдегерлер саны
1	мектепшілік		75	54		93	68		312	216		257	221
2	Аудандық	226	39	32	281	51	40	669	126	80	369	59	38
3	Облыстық		52	31		64	37		64	45		18	10
4	Республикалық		61	21		73	52		167	146		35	22
5	Халықаралық		-	-		-	-		-	-		-	-
	Жалпы оқушылар саны			226		138			281	197			669

«Дарын» оқушылар ғылыми – қоғамының жылдық жұмыс жоспары оқу жылының басында бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді. Білім алушылардың пәндік олимпиадалар мен ғылыми-зерттеу сайыстарына және түрлі байқауларға қатыстары мен нәтижелері жоғары. 3 жылға көрсеткіштер бойынша жалпы оқушылар санының өсуіне қарай түрлі сайыстарға қатысушылар саны да жоғарылаған. 2022-2023 оқу жылы аудандық көрсеткіш жоғарылағаны байқалады, себебі жалпы білім беретін пәндерден Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі барлық сыныптар үшін жүргізілетін болды. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылдармен салыстырғанда 50%-ға жоғарылаған. Жылда жалпы білім беретін



пәндерден Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен орыс тілі, тарих, құқық пәндерінен жүлдегер атанады. Кейінгі 3 жылдың ішінде жалпы білім беретін пәндерден Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен математика, ағылшын тілі, информатика, биология, география пәндерінен орындар алған емес. Тек 2023-2024 оқу жылы оқушымыз ағылшын пәнінен 3 орын иеленді. 1-7 сыныптарға арналған республикалық «Зерде» ғылыми-жоба сайысынан жыл сайын білім алушылар I, II орындарға иеленуде, дегенмен 2023-2024 оқу жылында олыстық кезеңге ешқандай оқушымыз қатыспады. Білім алушылар жылда тұрақты түрде халықаралық интернет олимпиадасына, КИО олимпиадасына, «Ақбота», «Кенгуру-математика», «Русский медвежонок» марафондарына қатысып тұрады. Білім алушылардың түрлі деңгейдегі сайстарға қатысулары бойынша айтарлықтай проблема жоқ.

### 3 жылғы білім алушылар қызметінің SWOT талдауы

мықты жақтар	әлсіз жақтар
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Білім алушылар пәндік олимпиадалар мен түрлі сайыстардан жүлдегерлер үлесі көп;</li> <li>- мұғалім мен білім алушының арасындағы қарым-қатынастың қажеттілігінше қолжетімді болуы;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Материалдық базаның жетіспеушілігі: а) оқу кабинеттерінің жетіспеушілігі; ә) Компьютерлер санының (оқушылар санына шаққандағы);</li> <li>- білім алушылардың облыстық, республикалық түрлі олимпиадалар мен байқаулардан орындар алмаулары</li> </ul>
мүмкіндіктер	қауіп-қатер
<ul style="list-style-type: none"> <li>- компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асырылуы;</li> <li>- Білім алушылардың қабілеттеріне қарай әр түрлі үйірме жұмыстарын жандандыруға мүмкіндері бар;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Жақсы оқитын оқушылардың тұрақсыздығы (мамандандырылған мектептерге кету);</li> <li>- Білім алушылардың бос уақытын қалай өткізетіндерін толық бақылау жасай алмау</li> </ul>

#### Туындаған мәселелер:

- Дарынды оқушылармен жұмыста зерттеу-ізденушілік бағыттағы жұмыстардың жеткіліксіздігі;
- Интернет, қашықтық олимпиада, байқауларда оқушылар айтарлықтай нәтиже көрсете алғанмен, пәндік олимпиада, ғылыми жоба байқауларында нәтижелердің аздығы;

#### Аталған мәселелерді ескере отырып жаңа оқу жылына төмендегідей ұсыныстар беріледі:

- Оқушылардың зерттеу-ізденушілік бағытындағы жұмыстарын дамыту;

- Пәндік олимпиадаға, ғылыми жобаға көптеп оқушыларды тарту және дайындықтың тиімді тәсілдерін қарастыру;
- Жаңа технологияларды тиімді қолдана отырып, білім сапасын арттыру;
- Дарынды балалармен жұмысты жандандыру. Дарынды балалармен жұмыс жасайтын педагогтар мен психологтардың кәсіби дайындығын жетілдіру.

### **Тәрбие жұмысының талдауы**

Тәрбие жұмысының 8 бағыты бойынша атқарылған жұмыстарды мектебіміздің әлеуеттік желілері мен мектеп сайтынан көруге болады. SWOT талдау жалпы жұмыстың мықты жақтары мен әлсіз жақтарын, сонымен қатар мүмкіндіктер мен қауіп-қатер туралы жалпы мәлімет береді. SWOT талдау жыл бойы атқарылған жұмыстарды бақылап, саралап, салыстыру арқылы жүзеге асады.

2020-2021 оқу жылының тәрбие жоспары «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2020-2021 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алып құрылған. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие, рухани-танымдық тәрбие, ұлттық тәрбие, отбасылық тәрбие, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, көпмәдениетті және көркем-эстетикалық, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу, дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыттарына негізделген. Мысалы, дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша қазақ күресінен облыстық “Жас барыс” іріктеу жарысында жүлделі І орын иеленген мектебіміздің 8А сынып білім алушысы Дарханұлы Бибарыс. Дзюдо күресінен республикалық турнирден 38кг салмақта жүлдегер мектебіміздің 8А сынып білім алушысы Дарханұлы Бибарыс. Қазан айында шағын футболдан аудандық іріктеу ойындарында 6-7 сынып оқушылары үздік шығып облыстық жарысқа жолдама алды. 2021 жылдың 27і қараша күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл және Тұңғыш Президент күніне орай жалпы білім беретін мектеп оқушылары (8-11 сынып ұлдары) арасында шағын футболдан өткен жарысқа белсене қатысып мектеп оқушылары ІІ орынды иеленді. Жетекшілері: Қазыбай Д.И, Рахымберген Д.Р. 2021 жылдың 16- желтоқсан күні Қ.Р. Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Баскетболдан ұлдар арасында өткен аудандық жарыста үш команда қатысып, ІІ-орын 10 сынып командасы, ІІІ-орын 11 сынып командасы иеленді. 9 сынып командасы жақсы өнер көрсетіп ІV-орын алды. Команда жетекшілері Р.Бектурсынов, Д. Рақымберген, Д.Қазыбай. Осы жарыста 10Ә сынып білім алушысы Искаков Асылбек үздік ойыншы атанып, алғыс хатқа ие болды. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Қарқаралы қаласының мектеп оқушылары, студенттер және ұстаздар арасында өткізілген «Көңілді сайыс – 2021» сайысында 11 сынып білім алушылары және мектеп ұстаздары қатысып, І жүлделі орынға ие болды. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған, мектеп білім

алушылары арасында «Шынықсан – шымыр боласын» спорттық іс-шарада ұлдар арасында жеңіл атлетика түрінен қашықтықта жүгіруден І орын алған Қанат Ерқанат, ІІ орын алған Сағат Марғұлан, ІІІ орын алған Сембір Шахнияз жүлделермен марапатталды. Қарқаралы қаласының академик Орынбек Жәутіков атындағы №1 жалпы білім беретін мектебінің 8 сынып білім алушысы Дарханұлы Бибарыс 2022 жылдың 14 маусымында өткен Қарағанды облысы ауыл жасөспірімдерінің 2 жазғы ойындары атты облыстық спартакиадасында чемпион болып, 4 жылда бір рет болатын Қазақстан Республикасының ауыл жасөспірімдер чемпионатына жолдама алып, осы додада Қарағанды облысы қоржынын жүлделі 3 орын, яғни қола медальмен толықтырып, өзінің спорттық деңгейінде КМС спорт шеберіне үміткер атағын абыроймен спортшымыз қорғап келді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын, үздіксіз білім беру жүйесіндегі тұлға тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алып, 2022-2023 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің іс-шаралар жоспары құрылып, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәрбиелеу жүйесіндегі «Шаңырақ» жобасының 6 жобасы аясында жұмыс жүргізілді.

Өз-өзіне сенімді, ой-өрісінің тәуелсіздігімен ерекшеленетін, құндылықтарды бойына сіңіре білген, сыни тұрғыдан ойлана білетін тұлға тәрбиелеу мақсатында «Шаңырақ» атауымен құрылған оқушылар қауымдастығы – жоғары және төмен сынып оқушылары арасындағы бірлік, өзара сыйластық, ынтымақтастық, сенім, қамқорлық сезімдерін қалыптастыруға негізделген жоба болды. Іске асыру тетіктері тәрбиенің басым бағыттары, яғни, Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбиесі, отбасылық тәрбие, интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу, дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Осы аталған негізгі бағаттардың ішіндегі мысалы, Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу бағыты бойынша жетістіктердің біріне тоқталсақ. 17 наурыз күні домбырашылар челленджі ұйымдастырылып, Ә.Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйі орындалды. Челлендж мақсаты: домбыра арқылы қазақ халқының болмысын дәріптеу және мәдени мұрасын сақтауды насихаттау. Білім алушылардың қазақ халқының музыкалық мәдениеттілігіне қызығушылықтарын ояту, орындаушылық дағдыларын қалыптастыру, қазақ халқының аспаптарының тембрлі дыбысталуы туралы білімдерін кеңейту болды.

"Қарағанды облысының білім басқармасы" ММ бастамасымен рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру мақсатында ақпараттық керуен Қарқаралы ауданына келіп, "Адал ұрпақ" ерікті клуб мүшелерімен форум өткізді. Әрі қарай форум секция жұмыстарымен жалғасын тапты. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті жанындағы

ақпараттық ағартушылық топ спикері - Мұстафин Серік Хамзеұлы келіп, мектеп ұстаздары мен білім алушылары арасында "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы" тақырыбында пікір алмасты. Сонымен қатар Серік Хамзеұлы "Адал ұрпақ" клубының ұйымдастыруымен салынған сурет көрмесін тамашалады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспар құрылды. Бұл бағдарлама ұлттық, яғни, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП құндылықтарына негізделіп құрылған. «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы негізінде жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕАҚ ұсынған 2023 жылғы «Ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық» негізінде ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмыстары «Даналық мектебі» аясында «Аталар өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі» түрінде жоспарланды. Нақты мектеп «Ұлағат» әкелер мектебі жобасы бойынша жобаға енген пилоттық мектептер қатарында тұр. 2023-2024 оқу жылы дайындық кезеңі. Жобаны жүзеге асыру 2024-2025 оқу жылдарына келіп тұр. Қорытынды кезең 2026 жыл. Осыған орай 08-29.02. 2024 ж. «Әке жолы-ізгі жол» әкелер айлығы жоспарланып, жүзеге асуда. Жұмыс нәтижелері желіге уақытында салынып отырылады.

### **Жалпы «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

### **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп

санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

### Мектепшілік тәрбие жұмысының кейінгі үш жылдағы жүргізілген жұмыстары бойынша SWOT талдауы:

<b>S – strengths – МЫҚТЫ ЖАҒЫ</b>	<b>W – weaknesses – ӘЛСІЗ ЖАҒЫ</b>
1.«Жас Ұлан», «Жас Қыран», Мектеп парламенті ұйымдары; 2. «Шахмат», «Тоғызқұмалақ» үйірмелері, «Алғыр» дебат клубы; 3. Қамқоршылық кеңесі; 4. Педагогикалық-психологиялық қызмет; 5. Әлеуметтік қызмет жұмыстары; 6. Қызықты, құнды іс-шаралар/мектеп әлеуметтік желілерінде/; 7. Мерекелік іс-шаралар (жас мамандар); 8. Кітапхана жұмысы; 9. Мектеп асханасы	1.Мектептегі тәртіп ережелері (мектеп формасы, сабаққа кешігу,түр-келбет) 2.Оқу-тәрбие процесінде пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің педагогикалық іс-қимылы мен ынтымақтастығының жеткіліксіздігі; 3. Тәрбие процесіне ата-аналардың аз қатысуы. 4. «Әкелер» мектебі жобасының өз мәнінде жүзеге аспауы.
<b>O – opportunities - МҮМКІНДІКТЕР</b>	<b>T – threats – ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР</b>
1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 2. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы. 3. «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы 4. Құқықтық тәрбие	1.Құқық бұзушылық (Электронды темекілер, ұялы телефонды пайдалану мәдениеті, девиантты тәртіп);

#### Ұсыныстар:

##### «Әлсіз жақтары»:

- 1.Мектептегі тәртіп ережелері (мектеп формасы, сабаққа кешігу,түр-келбет)
- 2.Оқу-тәрбие процесінде пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің педагогикалық іс-қимылы мен ынтымақтастығының жеткіліксіздігі;
3. Тәрбие процесіне ата-аналардың аз қатысуы.

4. «Ұлағат» әкелер мектебі жобасының өз мәнінде жүзеге аспауы.

**«Мүмкіндіктер»:**

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы

2. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы.

3. «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы

4. Құқықтық тәрбие

**«Қауіп-қатерлер»:**

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу негізінде құқық сағаттарын жиі өткізу, түсіндірме жұмыстарды кеңінен жүргізу;

2. Зиянды әдеттерден аулақ болуға, мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтауға, дәрекі қарым-қатынас, әлімжеттік, жәбірлеу мәселелерін алдын алу.

**ШЕШІМ:**

1. Құқық бұзушылық (электронды темекілер, ұялы телефонды дұрыс қолдану, девиантты тәртіп, лудомания) бойынша білім алушылардың арасында дәрістер, дөңгелек үстел, пікір- талас сағаттары жиі өткізілсін.

2. Мектеп тәртібі мен ережесі қатаң түрде орындалсын қадағалау.

3. Салауатты өмір салтын ұстану жолдарын оқушыларға насихаттау, жолда жүру ережесін сақтау, діни экстремизмнің алдын алу жұмыстарын жоспарлап, жүзеге асыру.

4. Сынып жетекшілер өз функционалдық міндеттерін тәрбие құндылықтарына, яғни ұлттық мүдде, ар-ұят және талапқа негіздеу.

5. Ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмыстары әрі қарай жандандырылсын.

6. «Ұлағат» әкелер мектебі жобасын «Әке жолы-ізгі жол» әкелер айлығы түрінде жоспарын өз мәнінде жүзеге асыру.

**1-11 сынып білім алушыларының кейінгі 3 жылдағы әр пәннен жалпы білім сапасы мен үлгерімнің салыстырмалы түрдегі көрсеткіштері**

Жаңа педагогикалық технологиялар мен озат тәжірибелерді пайдалану арқылы білім алушылардың білім сапасын арттыру мақсатында көптеген іс-шаралар атқарылуда. Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат, жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Мектептің білім сапасын арттыруда ұстаздардың жауапкершілігі үлкен болса, заман талабы педагогтан кәсіби білімді, мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығушылық және білім қызметінде ынталылық, педагогика мен психологиялық негіздерін қолдана білу қабілетін талап етеді.

Мектебімізде білім сапасын арттыру, болашақ білімді азамат қалыптасыру, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін, құзырлығын арттыруда мектеп жұмысының, әдістемелік жұмысының, топтық, жеке, белсенді түрлері мен әдістері кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар, озат тәжірибелер бойынша іс-тәжірибе тарату арқылы аудандық, облыстық шебер сабақтар өткізу, шығармашылық есептер беру, әдістемелік сипаттағы семинарлар, апталықтар, оқушылардың ғылыми жұмыстары, аудандық, облыстық олимпиадалар мен байқаулар өз жалғастарын табуда.

2020-2021 оқу жылында барлығы 247 білім алушы, өте жақсы оқитыны 52, жақсы оқитыны 116, қанағаттанарлық – 78, сапа – 68,02%, үлгерім - 100%.

2021-2022 оқу жылында барлығы 264 білім алушы, өте жақсы оқитыны 44, жақсы оқитыны 124, қанағаттанарлық – 93, сапа – 63,88%, үлгерім - 100%. 2020-2021 оқу жылына қарағанда 2-4 сынып оқушылары, 2021-2022 оқу жылында 17 балаға артқан. Оқу озаттарының саны 8 оқушыға кеміген. Оқу екпінділерінің саны 8 білім алушыға қосылған. Қанағаттанарлық оқитын білім алушылар 17оқушыға көбейген.

2022-2023 оқу жылының соңында бастауыш сыныптарда барлығы-410 оқушы. Мектепалды даярлықта-85, 1-сыныптар-82 білім алушы. 2-4 сыныптарда -243 білім алушы. Өте жақсы оқитыны-51білім алушы, жақсы оқитыны-115білім алушы. І-ші тоқсан сапа-79,08%, үлгерімі-100%, ІІ-тоқсан сапа- 83,16%, І тоқсан мен ІІ тоқсан салыстырғанда +4,08% жоғарлау байқалады. ІІ-тоқсанда сапа- 83,16%, үлгерімі-100%, ІІІ-тоқсанда сапа-82,79%, үлгерімі-100%, -0,37% төмендеу байқалады. ІІІ-тоқсанда сапа - 82,79%, үлгерімі-100%, ІV -тоқсанда сапа-82,88%, үлгерімі-100%, ІІІ-тоқсан мен ІV – тоқсанды салыстырғанда + 0,09% жоғарлау байқалады.

2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныптарда барлығы 1-4 сыныптарда білім алушы-355 білім алушы. Ұлы-178, қызы-177, өте жақсы оқитыны -28, жақсы оқитыны-128. Сапа -60,22%, үлгерім-100%. 2022-2023 оқу жылының жылдығы мен І-ші тоқсанды салыстырғанда қазақ тілі пәнінен -7,0%, әдебиеттік -5,2%, математикадан -6,6%, орыс тілі- 5,2%, жаратылыстану пәнінен-7%, ағылшын тілі пәнінен -11,2% кему байқалды. Жылдық сапа 2022-2023 оқу жылында -71%, І тоқсанда -60%, үлгерім -100%, жылдық пен І-тоқсанды салыстырғанда сапа-11%-ға төмендеу байқалады.

2023-2024 оқу жылының ІІ-ші тоқсанын 358 білім алушымен аяқтадық. Ұлы -180, қызы-178. Өте жақсы оқитыны-48 білім алушы, жақсы оқитыны-126 білім алушы, сапа-67%, үлгерімі -100%. Қазақ тілі пәні бойынша І-ші тоқсанымен ІІ-тоқсанды салыстыратын болсақ +4% -ға жоғарлау байқалады. Орыс тілі пәні бойынша 2,9%-ға, әдебиеттік оқу пәні +1,9%-ға, математика +6%-ға, жаратылыстану 2,2%-ға, ағылшын тілі +3,3%-ға, өсу байқалады. Жалпы 2-4 сыныптар бойынша І-тоқсанда сапа - 60%, ІІ-тоқсанмен салыстырғанда +7%-ға өсу байқалады.

2020-2021 оқу жылының соңында 8-11 сыныптарда барлығы-249 оқушы. 8-сыныптар-77 білім алушы, 9-сыныптар -75 білім алушы, 10-сыныптар -44 білім алушы, 11-сыныптар -40 білім алушы. Өте жақсы оқитыны-16 білім алушы, жақсы оқитыны-99 білім алушы. І-ші тоқсан сапа-37,2%, үлгерімі-



100%, II-тоқсан сапа- 37,6%, I тоқсан мен II тоқсан салыстырғанда +0,4% жоғарлау байқалады. II-тоқсанда сапа- 37,6%, үлгерімі-100%, III-тоқсанда сапа-47%, үлгерімі-100%, +9,4% жоғарлау байқалады. III-тоқсанда сапа - 47%, үлгерімі-100%, IV -тоқсанда сапа-46,1%, үлгерімі-100%, III-тоқсан мен IV – тоқсанды салытырғанда -0,9% төмендеу байқалады.

2021-2022 оқу жылының соңында 8-11 сыныптарда барлығы-245 оқушы. 8-сыныптар-73 білім алушы, 9-сыныптар -81 білім алушы, 10-сыныптар -39 білім алушы, 11-сыныптар -41 білім алушы. Өте жақсы оқитыны-10 білім алушы, жақсы оқитыны-70 білім алушы. I-ші тоқсан сапа-31,4%, үлгерімі-100%, II-тоқсан сапа- 32,6%, I тоқсан мен II тоқсан салыстырғанда +1,2% жоғарлау байқалады. II-тоқсанда сапа- 32,6%, үлгерімі-100%, III-тоқсанда сапа-43,2%, үлгерімі-100%, +10,6% жоғарлау байқалады. III-тоқсанда сапа – 43,2%, үлгерімі-100%, IV -тоқсанда сапа-48,5%, үлгерімі-100%, III-тоқсан мен IV –тоқсанды салытырғанда +5,3% жоғарлау байқалады.

2022-2023 оқу жылының соңында 8-11 сыныптарда барлығы-233 оқушы. 8-сыныптар-63 білім алушы, 9-сыныптар -74 білім алушы, 10-сыныптар -56 білім алушы, 11-сыныптар -40 білім алушы. Өте жақсы оқитыны-17 білім алушы, жақсы оқитыны-115 білім алушы. I-ші тоқсан сапа-43,1%, үлгерімі-100%, II-тоқсан сапа- 46,1%, I тоқсан мен II тоқсан салыстырғанда +3% жоғарлау байқалады. II-тоқсанда сапа- 46,1%, үлгерімі-100%, III-тоқсанда сапа-51%, үлгерімі-100%, +4,9% жоғарлау байқалады. III-тоқсанда сапа - 51%, үлгерімі-100%, IV -тоқсанда сапа-56,6%, үлгерімі-100%, III-тоқсан мен IV – тоқсанды салытырғанда +5,6% жоғарлау байқалады.

2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында 8-11 сыныптарда барлығы-243 оқушы. 8-сыныптар-77 білім алушы, 9-сыныптар -61 білім алушы, 10-сыныптар -49 білім алушы, 11-сыныптар -56 білім алушы. Өте жақсы оқитыны-15 білім алушы, жақсы оқитыны-119 білім алушы. I-ші тоқсан сапа-47%, үлгерімі-100%, II-тоқсан сапа- 55,1%, I тоқсан мен II тоқсан салыстырғанда +8,1% жоғарлау байқалады.

### Бастауыш сыныптар бойынша 3-жылдық сапа көрсеткіштері

Оқушылар/тоқсан	2-4 сыныптар			
	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылының I ж.ж
Оқушылар саны	247	264	243	261
Үздік	52-21,05%	44-16,67%	51-20%	48-18,39%
Екпінді	116-46,96%	124-46,97%	122-50%	126-48,27%
Қанағаттанарлық	78-31,58%	95-35,98%	69-28%	87-33,33%

2021-2022 оқу жылына қарағанда 2-4 сыныптар бойынша бала саны 17 балаға артқан, 2022-2023 оқу жылында 21-ға кеміген, ал 2023-2024 оқу жылының жарты жылдығымен салыстырғанда 18-ге артқан.

2021-2022 оқу жылына қарағанда оқу озаттарының саны 8 оқушыға кеміген. Оқу екпінділерінің саны 8 білім алушыға артқан. 2022-2023 оқу жылында қарағанда оқу озаттарының саны 7 білім алушыға артты. Оқу екпінділерінің саны 2 білім алушыға кеміді. 2023-2024 оқу жылының жартыжылдығын 2022-2023 оқу жылының жылдығымен салыстырғанда бала саны 18 білім алушыға артты, оқу озаттарының саны 3 білім алушыға кеміді, оқу екпінділерінің саны 4 білім алушыға артты.

### 8-11 сыныптар бойынша 3-жылдық сапа көрсеткіштері

Оқушылар/тоқсан	8-11 сыныптар			
	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылының I ж.ж
Оқушылар саны	249	245	233	243
Үздік	16-6,4%	12-4,8%	17-7,2%	15-6,1%
Екпінді	99-39,7%	107-43,6%	115-49,3%	119-48,9%
Қанағаттанарлық	134-53,8%	126-51,4%	101-43,3%	109-44,8%

8-11 сынып оқушылары 2020-2021 оқу жылына қарағанда, 2021-2022 оқу жылында 4 балаға кеміген.

Оқу озаттарының саны 4 оқушыға кеміген. Оқу екпінділерінің саны 8 білім алушыға қосылған.

Қанағаттанарлық оқитын білім алушылар 8 оқушыға кеміген.

**Білім сапасы:** 2020-2021 оқу жылы-46,1%.

2021-2022 оқу жылы- 48,5%, 2021-2022 оқу жылында сапа +2,4%-ға жоғарлаған..

2022-2023 оқу жылы білім сапасы- 56,6%, 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда +8,1%-ға жоғарлау байқалады.

2023-2024 оқу жылының I ж.ж -55,1%, 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда -1,5%-ке төмендеу байқалады.

Оқушылар/тоқсан	5-7 сыныптар			
	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылының I ж.ж
Оқушылар саны	224	227	261	245
Үздік	20-8,92%	22-9,69%	32-12,26%	30-12,24%
Екпінді	104-46,42%	99-43,61%	130-49,8%	104-42,44%
Қанағаттанарлық	100-44,64%	106-46,69%	99-37,9%	111-45,3%

2020-2021 оқу жылынада 5-7 сыныптарда оқу озаттарының саны 20 оқушы, 2021-2022 оқу жылында 22 оқушы. Алдыңғы оқу жылынан 2 оқушыға артқан. 2022-2023 оқу жылында оқу озаттар саны 32 оқушы, алдыңғы оқу жылынан 10 оқушыға артық. Оқу екпінділерінің саны 2020-2021 оқу жылында 104 оқушы, 2021-2022 оқу жылында 99 оқушы, 2022-2023 оқу жылында 130 оқушы. 2022-2023 оқу жылы 31 білім алушыға артты.


**Білім сапасы:** 2020-2021 оқу жылы-55,3%.

2021-2022 оқу жылы- 53,3%, 2021-2022 оқу жылында сапа -2%-ға кеміген.


2022-2023 оқу жылы білім сапасы- 62%, 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда 2022-2023 оқу жылында +8%-ға жоғарлау байқалады.

2023-2024 оқу жылының 1 тоқсанында сапа 52,5%, 2 тоқсанда 54,6 % көрсетіп отыр, салыстырғанда 2,1%- ға жоғаралаған. 2023-2024 оқу жылының I-жартыжылдық білім сапасы 2022-2023 оқу жылының I-жарты жылдығының білім сапасынан 0,5%-ға, ал 2021-2022 оқу жылының I-жартыжылдық қорытындысынан 6,9 % жоғары, 2020-2021 оқу жылының I-жарты жылдығының білім сапасынан 15 % жоғары.


**Бастауыш сыныптар бойынша 3-жылдық сапа көрсеткіштерінің диаграммасы**



**5-7 сыныптар бойынша 3-жылдық сапа көрсеткіштерінің диаграммасы**



### 8-11 сыныптар бойынша 3-жылдық сапа көрсеткіштерінің диаграммасы




### Қарқаралы қаласының академик Орынбек Жәутіков атындағы №1 ЖББ мектебі КММ 1-4 сыныптар аралығы бойынша кейінгі 3 жылдағы әр пәннен жалпы білім сапасы мен үлгерімнің салыстырмалы түрдегі көрсеткіштері

р/с	Пәндер	2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		Өсу, кему деңгейі	2022-2023 оқу жылы		Өсу, кему деңгейі
		сапа	үлгерім	сапа	үлгерім		сапа	үлгерім	
1	Математика	80%	100%	83%	100%	+3%	81%	100%	-2%
2	Қазақ тілі	81%	100%	83%	100%	+2%	80%	100%	+3%
3	Әдебиеттік оқу	79%	100%	89%	100%	+10%	82%	100%	-7%
5	Дүниетану	88%	100%	89%	100%	+1%	88%	100%	-1%
6	Жаратылыстану	0	-	91%	100%	-	88%	100%	-4%


**Қарқаралы қаласының академик Орынбек Жәутіков атындағы №1 ЖББ мектебі КММ**  
**8-11 сыныптар аралығы бойынша кейінгі 3 жылдағы әр пәннен жалпы білім сапасы мен үлгерімнің салыстырмалы түрдегі көрсеткіштері**

р/с	Пәндер	2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		Өсу, кему деңгейі	2022-2023 оқу жылы		Өсу, кему деңгейі
		сапа	үлгерім	сапа	үлгерім		сапа	үлгерім	
1	Қазақ тілі	83,1%	100%	83,1%	100%	өзгеріссіз	84,5%	100%	+1,4%
2	Қазақ әдебиеті	72,6%	100%	86,5%	100%	+13,9%	86,6%	100%	+0,1%
3	Орыс тілі мен әдебиеті	73,4%	100%	78,5%	100%	+5,1%	86,6%	100%	+8,1%
5	Ағылшын тілі	74,2%	100%	70,5%	100%	-3,7%	76,3%	100%	+5,8%
6	Алгебра	55,4%	100%	57,5%	100%	+2,1	62,6%	100%	+5,1%
7	Геометрия	58,6%	100%	55,4%	100%	-3,2%	64,3%	100%	+8,9%
8	Физика	57,8%	100%	61,7%	100%	+3,9%	68,6%	100%	+6,9%
9	Химия	61,6%	100%	55,6%	100%	-6%	65,6%	100%	+10%
10	Биология	59%	100%	70,5%	100%	+11,5%	88,8%	100%	+18,3%
11	География	72,2%	100%	83,6%	100%	+11,4	84,1%	100%	+0,5%
12	Қазақстан тарихы	75,1%	100%	79,8%	100%	+4,7%	79,3%	100%	-0,5%
13	Дүние жүзі тарихы	74,1%	100%	76,4%	100%	+2,3%	81,1%	100%	+4,7%
14	Құқық негіздері	83,3%	100%	91,7%	100%	+8,4%	91,1%	100%	-0,6%
15	Информатика	84,3%	100%	92,4%	100%	+8,1%	91,4%	100%	-1%

### 3 жылдағы әр пәннен жалпы білім сапасының салыстырмалы мониторингі









**Қарқаралы қаласының академик Орынбек Жәутіков атындағы №1 ЖББ мектебі КММ 1-4 сыныптар аралығы бойынша кейінгі 3 жылдағы жалпы білім сапасы мен үлгерімнің салыстырмалы түрдегі көрсеткіштері**

2020-2021 оқу жылы			2021-2022 оқу жылы		<i>өсу, кему деңгейі</i>	2022-2023 оқу жылы		<i>өсу, кему деңгейі</i>
<i>жалпы</i>	<i>сапа</i>	<i>үлгерім</i>	<i>сапа</i>	<i>үлгерім</i>		<i>сапа</i>	<i>үлгерім</i>	
	88%	100%	91%	100%	+3%	83%	100%	-8%



**Қарқаралы қаласының академик Орынбек Жәутіков атындағы №1 ЖББ мектебі КММ 8-11сыныптар бойынша кейінгі 3 жылдағы жалпы білім сапасы мен үлгерімнің салыстырмалы түрдегі көрсеткіштері**

2020-2021 оқу жылы			2021-2022 оқу жылы		өсу, кему деңгейі	2022-2023 оқу жылы		өсу, кему деңгейі
жалпы	сапа	үлгерім	сапа	үлгерім		сапа	үлгерім	
	46%	100%	48,5%	100%	+2,4%	56,6%	100%	+8,1%



**Әр пән бойынша білім сапасын жоғарлату мақсатында жүргізілген жұмыстар:**

**Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша:**

- Қабілеті әр түрлі оқушыларды анықтау;
- Түрлі ойлау әрекетіне бағыттау;
- Әр түрлі сайыстарға қатыстыру;
- Инновациялық технологияларды қолдану;
- Оқушыларды шығармашылық жұмыстарға баулу, логикалық, функционалдық сауаттылықтарын арттыр
- Жаңа технологиялар ұтымды пайдаланылды
- Білім алушының ойлау, сөйлеу қабілетін арттыру мақсатында сабақта деңгейлік тапсырмалар бойынша жұмыстар жиі жүргізілді.
- Жекелеген оқушылармен дайындық жұмыстары жүргізілді.

### **Тілдік пәндер бойынша:**

- Сабақтарда деңгейлік тапсырмалар бойынша жұмыстар жиі жүргізіліп отырды.
- Түрлі форматтағы жұмыстар құрастырылып, жиі алынған себепті оқушылардың сабаққа қызығушылықтары артты.
- Тілдік пәндерде орфографиялық сөздікпен жұмыс жиі жүргізіліп, әр түрлі (сөздік, көру, есте сақтау, бақылау) диктанттары алынып отырылды.
- Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша сабақтар ұйымдастырылды.

### **Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша:**

Білім сапасын жоғарылату мақсатында төмендегі жұмыстар жүргізілді:

- Білім алушының ойлау, сөйлеу қабілетін арттыру мақсатында сабақта деңгейлік тапсырмалар бойынша жұмыстар жиі жүргізілді.
- Жаңа технологиялар ұтымды пайдаланылды.
- Жекелеген оқушылармен дайындық жұмыстары жүргізілді.

**Білім сапасы:** 2020-2021 оқу жылы-46,1%.

2021-2022 оқу жылы- 48,5%, 2021-2022 оқу жылында сапа +2,4%-ға жоғарлаған..

2022-2023 оқу жылы білім сапасы- 56,6%, 2021-2022 оқу жылымен салыстырғанда +8,1%-ға жоғарлау байқалады.

2023-2024 оқу жылының I ж.ж -55,1%, 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда -1,5%-ке төмендеу байқалады.

**9, 11 сынып білім алушыларының үлгерімі мен білім сапасы, ҰТБ, Алтын елгі, Үздік аттестат және жоғары оқу орындарына түскені туралы мәлімет:**

№	98		2020-2021	2021-2022	2022-2023
1	<b>Түлектер саны</b>	9 сынып	76	87	74
2		11 сынып	46	44	40
3	<b>Үлгерімі (%)</b>		100	100	100
4	<b>Білім сапасы (%)</b>		61	61.3	64
5	<b>ҰБТ-ға қатысуы</b>	% жалпы түлектер санынан	98	100	100
		Орташа балл	68	69,4	65
6	<b>ББЖМ қатысуы</b>	Орташа балл	-		-
7	<b>Алтын белгі иегерлері</b>	Үміткерлер саны	1	4	1
		Растағандар саны	1	4	1
8	<b>Ерекше үлгідегі аттестат иегерлері</b>	Үміткерлер саны	1	-	1
		Растағандар саны	1	-	1
9	<b>Оқу жылының қорытындысы бойынша үлгерімі төмендер саны</b>		-	-	-
10	<b>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына түскендердің үлесі</b>	Грантқа (%)	15,5	15,9	20,1
		Ақылы негізде (%)	-	2,2	3,5
11	<b>Жоғары оқу орындарына түскендердің үлесі</b>	Грантқа (%)	40	54,5	37,5
		Ақылы негізде (%)	42,2	22,7	57,5

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы мектепшілік білім сапасы мен үлгерімінің әр пән бойынша жылдық сапа көрсеткіштері, өткізілген іс-шаралардың тиімділігі бойынша жүргізілген SWOT талдауы жасалды.

SWOT талдау жалпы жұмыстың мықты жақтары мен әлсіз жақтарын, сонымен қатар мүмкіндіктер мен қауіп-қатер туралы жалпы мәлімет береді. SWOT талдау жыл бойы атқарылған жұмыстарды бақылап, саралап, салыстыру арқылы жүзеге асады. Бұл талдаудың тиімді жақтары қандай? Біріншіден, талдау нысанының күшті, әлсіз жақтары қандай? Оның сапасын арттыру үшін қандай мүмкіндіктеріміз бар? Сыртқы ортаның мүмкіндіктерін пайдалана отырып әлсіз жақтарды азайтуға бола ма? Әлсіз жақтармен бірге талдау нысанының дамуына қандай қауіп әсер етеді? деген сұрақтарға «SWOT» -талдау жауап береді.

<b>S – strengths – МЫҚТЫ ЖАҒЫ</b>	<b>W – weaknesses – ӘЛСІЗ ЖАҒЫ</b>
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Басқару саласындағы жаңашылдық;</li> <li>2. Мектеп ұжымында жақсы педагогикалық ахуалдың қалыптасуы;</li> <li>3. Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы;</li> <li>4. Мұғалімнің оқу мен оқытудың жаңа жүйесі жайлы меңгерген білім;</li> <li>5. Негізгі пәндерден білім алушылардың ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістері;</li> <li>6. Жоспарланған пән апталықтарының өтуі;</li> <li>7. Әр оқу жылында білім алушылардың әртүрлі деңгейдегі сайыстар, олимпиада, конкурстарға қатысы;</li> <li>8. Ұстаздардың аудандық, облыстық деңгейдегі пән олимпиадаларға қатысуы;</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кейбір білім алушылардың ата-аналарымен өзара қарым-қатынас тәжірибесінің аздығы;</li> <li>2. Білім алушылардың тілдік қорларының төмендеуі;</li> <li>3. Білім алушылардың көркем әдеби кітап оқу белсенділігінің төмендігі</li> </ol>
<b>O – opportunities - МҮМКІНДІКТЕР</b>	<b>T – threats – ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР</b>

<p>1. Ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту;</p>	<p>1. Жалпы отбасы құндылықтарының әлсіздігі. Жас ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігінің төмендігі;</p> <p>2. Білім алушылардың компьютер, телефон, планшетке тәуелділігі</p>
--	---

### **Ұсыныстар:**

#### **«Әлсіз жақтары»:**

1. Кейбір білім алушылардың ата-аналарымен өзара қарым-қатынас тәжірибесінің аздығын ескере отырып, ата-аналармен тығыз байланыста болып, жүйелі жұмыстар жүргізу.
2. Білім алушылардың тілдік қорларының төмендеуіне байланысты жазбаша-ауызша тілін, сөйлеу мәдениеті шеберлігін арттыруда пікірталас, айтыс сабақтар, баспасөз конференциясы, брифинг, конференция, семинар – сабақтар өткізу;
3. Білім алушылардың көркем әдеби кітап оқу белсенділігінің төмендігі оқырман қызығушылығы мен оқу сауаттылығын дамыту, алған білімін тереңдету, оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін ашу, балалардың шығармашылық белсенділігі мен дербестігін дамыту. Оқушылардың оқырман сауаттылығын, мәдени оқу және оқырман қызығушылығының деңгейін көтеру. Оқырман белсенділігін арттыру. Балалар оқуын қолдау және дәріптеу жайында мектеп оқушыларының қоғамын құру (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар) арқылы жүзеге асыру.

#### **«Мүмкіндіктер»:**

Ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту ;

Мектеп – отбасы – қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайту, серіктестікті қалыптастыру, қауымдағы ата-аналармен бірлескен жұмысты көрсету мақсатында мектебімізде жүйелі де, маңызды жұмыстар атқару. Ата-ананың ең ардақты міндеті: бала бойына жақсы қасиеттерді сіңіре беру, баланы ерінбей бақылап, жақсылыққа жол сілтеу. Бала біздің болашағымыз, өміріміздің жалғасы, сондықтан бала тәрбиесі - ата-анадан мол жауапкершілікті талап ету.

#### **«Қауіп-қатер»:**

1. Жалпы отбасы құндылықтарының әлсіздігі, жас ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігінің төмендігін нығайту үшін жас отбасы тәрбиесін тереңдете отырып, әкелер мен аналардың бала тәрбиесіне байланысты жауапкершіліктерін арттыру. Отбасы мен мектеп арасындағы байланысты күшейтіп, ынтымақтастық арқылы жүзеге асыру. (Ұйымдастырылған іс-шараларға, семинарларға, сайыстарға, тәжірибе жаңалықтарымен таныстыруға кеңес беру, ой қозғау т.б.)
2. Білім алушылардың компьютер, телефон, планшетке тәуелділігі;  
«Компьютерге байлану» сырқатынан арылу жолдары атты тәрбие сағаты, әңгіме сабақ, пікірталас, ойындар, мультфильмдер көру т.б. Компьютердің білім алушы өміріне пайдасы мен зиянын қарастыру алдында әртүрлі ақпарат көздерінен мәліметтер арқылы жұмыстар жүргізу.



### Кабинеттердің жүктелуі

№	Оқу кабинеттерінің атауы	Оқу кабинеті	Бар	Дб	Сб	Сн	Бн	Жм
1	Қазақ тілі мен әдебиеті	№ 38	40	8	8	8	8	8
		№ 43	40	8	8	8	8	8
		№ 45	37	7	7	8	8	7
2	Орыс тілі мен әдебиеті	№ 36	37	6	7	10	8	6
		№ 37	34	4	7	9	8	6
3	Ағылшын тілі	№ 44	30	6	6	6	6	6
		№31	30	6	6	7	6	5
4	Математика	№ 11	64	13	13	12	13	13
		№ 35	63	13	12	13	12	13
5	Информатика	№ 20	17	3	4	5	3	2
		№ 21	18	2	1	1	3	1
6	Биология	№ 5	25	4	6	3	8	4
		№ 41	28	5	7	5	7	4
7	География	№ 40	32	7	9	1	5	10
8	Химия	№ 34	43	8	7	10	8	10
9	Физика	№ 33	34	7	6	7	8	6
10	Тарих	№ 39	48	9	9	10	10	10
11	Кәсіптік бағдар беру	№32	11	2	2	3	2	2
12	АӘЖТД	№ 30	6	1	1	2	1	1
13	Ер балаларға арналған көркем еңбек шеберханасы	№ 9	19	1	3	5	5	5
14	Қыздарға арналған көркем еңбек шеберханасы	№ 10	19	1	3	5	5	5
15	Спорт зал	№ 1	75	13	14	15	14	19
		№ 2	45	9	7	12	4	13
16	Мультимедиалық кабинет (ағылшын тілі)	№15	25	4	6	5	5	5
17	ІТ кабинет	№42	7	1	2	2	2	-
18	Бастауыш сынып	№ 25	40	8	8	8	8	8
		№ 26	40	8	8	8	8	8
		№ 23	39	8	8	8	8	7
		№ 19	39	9	7	8	8	7
		№ 6	18	3	4	4	4	3
		№ 26	39	9	10	6	8	6
		№ 18	38	8	8	8	8	6
		№ 22	36	7	8	5	9	7
	МАД № 6	20	4	4	4	4	4	

		МАД № 7	40	8	8	8	8	8
--	--	---------	----	---	---	---	---	---

Мектеп ғимаратына басқа мекеменің «№1 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті КММ» орналасуына байланысты оқу кабинеттер жетіспейді. Оқу кабинеттерінің жетіспеушілігі (математика, қазақ тілі, орыс тілі, тарих, шахмат, музыка) кабинеттік оқу жүйесіне және қосымша сабақтар өткізуге кедергі келтіреді.

### МЕКТЕПТІ БАСҚАРУ

#### Мектептің алқалы органдары туралы ақпарат Мектептің педагогикалық кеңесі

**Бұйрықтың №310, 02.09.2023 ж.:**

Құрамы:

№	Аты - жөні	Лауазымы
1	Канафина Б.Е.	мек директорының у.м.а., пед. кеңес төрағасы
2	Аменова А.О.	мүшесі, директ оқу жұмысы жөн орынбасары
3	Жиенаева А.С.	мүшесі, директ оқу жұмысы жөн орынбасары
4	Абишева А.А.	мүшесі, директ оқу жұмысы жөн орынбасары
5	Омарова Г.Ж.	мүшесі, директ бастауыш сыныптар бойынша оқу жұмысы жөн орынбасары
6	Жомартова Н.Т.	мүшесі, директ тәрбие жұмысы жөн орынбасары
7	Матимбаева Л.Т.	мүшесі, директ тәрбие жұмысы жөн орынбасары
8	Омашева А.Т.	мүшесі, астауыш ұйымының кәсіподақ комитетінің төрайымы
9	Мырсамықова З.А.	мүшесі, мұғалім
10	Омарбеков К.М.	мүшесі, мұғалім
11	Кенжебаева К.К.	мүшесі, мұғалім
12	Бакирова Г.М.	мүшесі, мұғалім
13	Собакова Н.Т.	мүшесі, мұғалім
14	Сатжанова Г.Е.	мүшесі, мұғалім
15	Жиенбеков Т.Р.	мүшесі, мұғалім
16	Нурғалиева М.А.	мүшесі, мұғалім-психолог
17	Бейсенаева А.Г.	мүшесі, мұғалім-логопед

#### Мектептің алқалық органдары туралы ақпарат Мұғалімдердің әдістемелік бірлестігі

**Бұйрықтың №311, 02.10.2023 ж., қызмет саласы:**

Құрамы:

№	Т.А.Ә.	Лауазымы
1	Аменова А.О.	Әдістемелік кеңес жетекшісі, директ оқу жұмысы жөн орынбасары
2	Абишева А.А.	директордың оқу жұм. жөн орынбасары
3	Жиенбаева А.С.	директордың оқу жұм. жөн орынбасары

4	Омарова Г.Ж.	директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу жұм. жөн орынбасары
5	Жомартова Н.Т.	директордың тәрбие жұм. жөн орынбасары
6	Оспанова Б.А.	педагог-психолог
7	Нарымбекова Г.Ш.	қазақ тілі мен әдебиеті әдіс.пән бірлестігінің жетекшісі
8	Толеубаева З.М.	орыс тілі мен әдебиеті әдіс.пән бірлестігінің жетекшісі
9	Молдакулова А.А.	шет тілдері әдіс.пән бірлестігінің жетекшісі
10	Омарбекова Г.Н.	математика, физика және информатика әдіс.пән бірлестігінің жетекшісі
11	Садвакасова А.М.	тарих, құқық негіздері, көркем еңбек, музыка әдіс.пән бірлестігінің жетекшісі
12	Канафина Б.С.	география, биология, химия пәндер әдіс.пән бірлестігінің жетекшісі
13	Қонақбай Г.М.	бастауыш сынып әдіс.пән бірлестігінің жетекшісі
14	Бектурсунов Р.Б.	дене тәрбиесі, алғашқы әскери және технологиялық дайындық әдіс.пән бірлестігінің жетекшісі

**Мектептің алқалық органдары туралы ақпарат**

**Мектептің ғылыми-қоғам кеңесі**

**Бұйрықтың № 190, 31.08.2023 ж., қызмет саласы**

Құрамы:

<b>№</b>	<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Лауазымы</b>
1	Аменова А.О.	төрайымы, дир оқу ісі жөн орынбасары
